

Р.К. Сабирова^{1*} , А.И. Естурлиева² , Г.К. Андабаева³ , Ш.С. Бисалиева¹ ,¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы²Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., 130000, Қазақстан Республикасы³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы*e-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ КӨШІ-ҚОНЫ

Аңдатпа.

Шетелден адами капиталдың келуі ел немесе аймақтың экономикасы үшін оң жағдай болып есептелсе, адами капиталдың елден кетуі экономикаға құйылатын инвестицияның қысқаруымен тең деп қарастыруға болады. Сонымен, адами капиталдың кетуі бір елдің экономикасынан капиталдың алынуы және басқа бір елдің экономикасына қосылуы деген сөз.

Қазақстанда соңғы жылдары көші-қон ағынының серпіні жоғары білімді эмигранттардың санының өсуі мен елге келген жоғары білімді иммигранттар ағынының азаюымен сипатталады. 2022 жылы елге қоныс аударғандар санының алдыңғы он жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда екі есеге қысқарғаны байқалады. Бұл елден кеткендердің көпшілігі білімі бар жастар мен білікті мамандар екенін, оның Қазақстан Республикасының адами капитал сапасына әсер ететіндігін көрсетеді.

Берілген мақалада Атырау облысының адами капиталының көші-қоны қарастырылып, өңірдің экономикалық дамуына, оның еңбек нарығына көші-қонның әсері анықталды. Зерттеудің басты мақсаты Атырау облысында адами капиталдың көші-қонын зерттеу, оның себептерін анықтау және өңірлік деңгейдегі көші-қонды реттеу шараларын жетілдіруді қарастыру.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы Атырау облысында көші-қон бойынша бірқатар мәселелер мен үдерістер бар екендігін нақтылау және осы мәселелерді шешуде ұсыныстар беру.

Негізгі сөздер: көші-қон, адами капитал, еңбекке қабілетті жастағы көші қон, еңбек нарығы, Атырау облысы.

Кіріспе.

Адами капитал мәселелері, оның сапалық және сандық сипаттамаларын зерттеу өзекті тақырыптардың қатарына жатады, олардың зерттелуі адами капитал туралы теориялық идеяларды кеңейту үшін де, оны басқару тәжірибесін саралау үшін де маңызды [1], [2], [3].

Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы, әлеуметтік игіліктер мен қызметтердің халыққа қолжетімділігі сол өңірлердің адами капитал көлемі мен сипатын анықтап, адами капиталдың аумақтық бөлінуіне, өңір аралық және өңір ішілік көші-қон ағынына өңірлердің жіктелуі ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, дамуы жағынан жоғары болып келген өңірге халық көбірек тартылады, өңірдің халықты тарту деңгейі жоғары болады. Адам ресурстарын аумақтық қайта бөлудің тағы бір бағыты ауылдық елді мекендерден тұрғындар ағыны есебінен қала халқының санының өсуі болып табылады. Осылайша, көші-қонның екі ағыны да адами капиталға ие болуда аймақтың бәсекелестік артықшылықтарын арттыруға ықпал етеді, сонымен бірге оны сақтау және ұлғайту үшін жеткілікті ресурстары жоқ басқа өңірлерді әлсіретеді. Статистика өңірлердің тартымдылық деңгейі бойынша белгілі бір аумақтар халқының көші-қон өсімі немесе кемуі туралы деректермен сараланғандығын растайды.

Қазақстанда тұратын жастардың шетелге кетуінің негізгі себептері: шетелдік білім беру сапасының және жоғары оқу орындарының беделінің жоғарылығы, ел көру, өз ой-өресін кеңейтуге, шет тілін үйренуге деген ұмтылыстары, студенттердің білім алумен қатар

жұмысқа кіріп, табыс табу және шетелде тұру. Осыдан Қазақстанның білім көші-қонының «сыртқы келбеті» көрінеді: елдің зияткерлік әлеуетінің бір бөлігінен айырылуы мигранттардың белгілі бір бөлігінің оқу аяқталғаннан кейін өз еліне оралмай, басқа елдерде тұрып қалуы және жұмысқа кіріп кетуімен байланысты орын алып жатқан көші-қон үрдістері «адами капиталды» дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Берілген мақалада Атырау өңірінде адами капиталдың көші-қон үрдістері талданады. Зерттеудің басты мақсаты Атырау облысында адами капиталдың көші-қонын зерттеу, оның себептерін анықтау және өңірлік деңгейдегі көші-қонды реттеу шараларын жетілдіруді қарастыру.

Осыған байланысты мақалада келесідей міндеттер анықталып, орындалды:

- Атырау өңірінің көші-қон үрдісін талдау;
- Атырау облысының көші-қон үрдісінің басты себептерін қарастыру;
- өңірлік деңгейдегі көші-қонды реттеу шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеуде қолданылған мәліметтер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау мен реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы статистика департаментінің ресми сайтынан 2018-2022 жылдар бойынша алынды. Мақаланы жазу кезінде 2023 жылдың 12 айындағы деректердің болмауына байланысты. есепті жыл деп 2022 жыл алынды.

Өңірлік еңбек нарықтарының өзара байланыстары мен өзара іс-қимылдарын талдау халықтың өңіраралық қозғалысының серпінін, құрылымы мен бағыттарын, ең алдымен өңірлік еңбек нарығында ұсыныстың әлеуетін қалыптастыратын оның еңбекке қабілетті бөлігін зерттеу көзделді. Мұндай зерттеулер өңірлік еңбек нарығын жан-жақты қарастыруды талап етеді.

Адами капиталдың көші-қон процестерін талдау үшін мынадай көрсеткіштер пайдаланылды: аймақ халқының көші-қоны, еңбекке қабілетті жастағы көші – қон, халықаралық еңбек көші-қон, халықтың 10000 адамына шаққандағы көші-қон сальдосы, жұмысқа қолданыстағы рұқсаты бар шетелдік қызметкерлер саны, ішкі еңбек мигранттарының саны.


Нәтижелер және оларды талқылау.

Ішкі көші-қон үрдісінде Қазақстанның ірі қалалары, атап айтсақ Астана мен Алматы қаласы басқа қалалармен салыстырғанда мигранттарды жақсы мүмкіндіктермен, дамыған инфрақұрылымымен қызықтырады, қазақстандықтардың көпшілігі үлкен қалада тұруды қалайды. Урбанизация - мемлекет тұрғысынан алғанда дамудың қозғаушы күші, елдің экономикасы әртараптандырылып, өндірістің жаңа нысандары туындайды, қызмет көрсету аясы кеңіп, кәсіби білім тереңдейді, инновациялық тұрғыдан жандану орын алады. Дегенмен, елдің ауылдық жерлерінен қалалық жерлерге жаппай көшу қалада да, жұмыс күші жетпейтін ауылда да қиындықтар туындатады. Қалалардағы бұл мәселе көшіп келгендердің тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, қала тұрғындарының экологиялық қауіпсіздігі, көлік пен инженерлік инфрақұрылымның дамуымен, әлеуметтік қызметтер саласын дамытумен байланысты болады.

Қазақстанның өңірлерінде табиғи және көші-қон өсімі есебінен халық саны 2019 жылдан бері өскен, мысалы, Атырау өңірінде – 8,6%-ға, Маңғыстауда – 12,0%-ға, Жамбыл облысында – 7,9%-ға, Ақтөбеде – 6,3%-ға жоғарылаған. 2014 жылдан бері «Мәңгілік ел жастары – Индустрияға-Серпін-2050» білім беру жобасы жұмыс жасауда. Оның негізгі мақсаты жұмыс күші артық өңірлердегі жастардың техникалық, кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға мүмкіндіктер беру және оларды еңбекке сұраныс жоғары өңірлерде жұмысқа орналастыру.

Сонымен қатар солтүстік өңірлерде «Серпін-2050» жобасымен оқыған түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендігі, орталық және жергілікті атқару органдары арасында жобаны жүзеге асыру бойынша нақты үйлесімді жұмыстарының жоқтығы сияқты мәселелер бар. «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша да бірқатар мәселелер туындаған, әсіресе, әлеуметтік қолдау көлемін анықтауда сараланған тәсілдің болмауы (жәрдемақы мен бюджеттік несие), яғни қаражатты бөлуде аймақтық ерекшелік пен түрлі өңірдегі өмір сүру деңгейіндегі айырмашылық ескерілмейді, бұл өз кезегінде, жастар үшін осы жобаның тартымдылығын төмендетеді.


Орын алған көші-қон үрдістері «адами капиталды» дамыту қажеттілігін көрсетті және елді жаңғыртуға әсер ету мақсатында мемлекеттік саясат жүргізілді. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 961 қаулысымен «Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты Тұжырымдамасы» бекітілген болатын [4].



Сурет 1 – Атырау облысы халқының көші-қонының серпіні, адам

Ескерту: дереккөз [5] негізінде авторлар құрастырған

Атырау облысы халқының көші-қон серпіні 1- суретте берілген, 2022 жылы облысқа келгендер саны 19 124 адам, ал облыстан кеткендер саны 20878 адам. Көші-қон саны бойынша, облыста көші-қонның теріс қалдығы қалыптасқан, яғни 1754 адам құраған. 2021 жылмен салыстырғанда өңірге келгендер саны 3,3% -ға өскен, ал кеткендер саны 0,3 % -ға төмендеген.



Сурет 2 – Атырау облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының көші-қоны

Ескерту: дереккөз [5] негізінде авторлар құрастырған

2-суреттегі мәліметтерге сәйкес, 2019, 2021, 2022 жылдары еңбекке қабілетті жастағы көші – қонның өсуі байқалады, өйткені Атырау облысында Қазақстанның ең ірі екі мұнай кен орны-Теңіз және Қашаған жұмыс орындарына жан-жақтан жұмыс жасайтын адамдар қоныс аударған. Сондай-ақ этникалық құрамның үлесі артқан: оралмандар саны өскен, тарихи отанына кеткен орыстар оралған, оның басты себебі көші-қонды қолдау бағдарламасы қоныс аударушыларға жеделдетілген азаматтыққа, шығындарды өтеуге және әлеуметтік артықшылықтарға кепілдік берді.

Атырау облысының этникалық көші-қон үрдісін қарастырсақ, 2022 жылы көшіп-қонушылардың этникалық құрамы мынадай құраммен сипатталды: Атырау облысына тиісінше: қазақтар – 18044 және 19875 адам, орыстар – 300 және 468, татарлар – 51 және 63, өзбектер – 143 және 43, қарақалпақтар – 2034 және 60, корейлер-56 және 69 адам келіп, шығып кетті. Көші – қон сальдосы: қазақтар – (-1833) адам, орыстар – (-168), татарлар – (-12), өзбектер – (100), қарақалпақтар – (144), корейлер - (-13).

2022 жылы халықаралық көші-қон бойынша негізінен ТМД елдері есебінен оң қалдық қалыптасты. Алыс шетелден келгендердің 38,1% - ы Түркиядан, 16,6% - ы Грузиядан, 11,9% - ы Моңғолиядан, 7,1% - ы Қытайдан және 21,4% - ы басқа мемлекеттерден. Оның ішінде Атырау қаласында 178 отбасы 219 адам, Жылыой ауданында 27 отбасы 37 адам, Мақат ауданында 4 отбасы 9 адам және Индер ауданында 1 отбасы 1 адам қоныстанды.

Бүгінгі таңда тұрғын үй беру бойынша кезекте 43 қандас тұр. Атырау облысында қандастарды уақытша орналастыру орталығы бар, онда тұруға қолайлы жағдайлар жасалған.

2023 жылы Жұмыспен қамту орталықтарына 22 қандас өтініш білдіріп, тіркелді, оның 1-і тұрақты жұмысқа орналастырылды. Тіркелген жұмыссыздар арасынан 4 қандас «Бастау-Бизнес»сертификатын алды. 2024 жылы 16 этникалық қазақтың 15 отбасы шетелден қоныс аударды. Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтар қандас мәртебесін алды.

Облыста көшіп келушілердің бейімделу мәселелерін шешуге көмектесетін «Оралман-жайық», «Шарапатты-Шаңырақ», «Жібек жолы бауырлар» қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді.

Еңбекке қабілетті жастағы көшіп-қонушылар санының шамадан тыс өсуі кезінде Қазақстан азаматтары үшін еңбек нарығының тарылу және әлеуметтік шиеленістің туындау қаупі бар [6].

Сондай-ақ, кеңес заманынан бері дамымаған және уақыт пен экономика талаптарына жауап бермейтін кәсіптік білім берудің тиімсіз саясатына байланысты «ақыл-ойдың ағып кетуіне», 20-29 жас аралығындағы жас ұрпақтың (шамамен 28,2%) «жақсы өмір» іздеу үшін көшуіне байланысты халықтың кетуі де осындай қарқынмен байқалады. 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда Атырау облысынан 128 адам қоныс аударды (оның ішінде 118 адам немесе 92,2% – қала тұрғындары, 10 адам немесе 7,8% – ауыл тұрғындары), ал 2018 жылы жалпы – 244 адам 2023 жылғы қаңтар–желтоқсанда 630 адам келді, бұл 502 адамнан тұратын көші-қонның оң сальдосы туралы куәландырады (кестені қараңыз. 58). ТМД елдеріне 128 адамның 79-ы немесе 61,7% - ы қоныс аударды, оның ішінде 69 адам Ресейге немесе 53,9% - ы басқа елдерге 49 адам немесе 38,2%, олардың ішінде АҚШ, Германия және Канадаға қоныс аударды.

Атырау облысындағы еңбек иммиграциясы екі нысанда жүреді: шетелдік жұмыс күшін ресми тарту және стихиялық еңбек иммиграциясы, негізінен Өзбекстан және Ресей. Екі ағын да аймақтың еңбек ресурстарына деген қажеттілігін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады және облыстың экономикалық дамуына үлес қосады. 2018 жылдан бастап иммиграция эмиграциямен салыстырғанда артып келеді (кесте 1).

1-кестеде халықтың көші-қонының жалпы көлемін көрсететін абсолютті көрсеткіштің

есебі келтірілген. Жалпы көші-қон (немесе көші – қон көлемі, брутто-көші-қон, көші-қон айналымы) - бұл жағдайда Атырау облысына келгендердің және облыстан кеткендердің қосындысы.

Кесте 1 – Атырау облысы бойынша халықаралық көші-қон, адам

Кезең	2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
Иммигрант/ Эмигрант	Имми грант	Эми грант	Имми грант	Эми грант	Имми гранты	Эми грант	Имми грант	Эми грант	Имми грант	Эми грант
Барлығы	280	244	277	345	254	256	401	289	462	225
оның ішінде										
ТМД елдеріне	229	226	202	304	192	215	347	239	420	184
Өзбекбайжан	13	-	15	-	7	1	5	-	6	1
Армения	1	-	2	-	3	-	-	-	1	-
Беларусь	1	-	-	4	2	-	-	2	2	1
Қырғызстан	7	-	3	-	2	1	5	-	4	-
Молдова	1	-	82	273	1	-	-	-	-	-
Ресей	72	221	1	-	63	212	60	229	119	171
Тәжікстан	1	-	1	-	1	-	-	-	3	-
Түрікменстан	1	-	1	-	2	1	1	-	5	-
Өзбекстан	124	4	94	1	107	-	272	4	277	10
Украина	8	1	3	2	4	1	4	4	3	1
Басқа елдерге	51	18	75	41	62	41	54	50	42	41
Германия	1	2	-	9	3	2	-	-	-	3
Грузия	1	1	2	-	3	2	-	-	7	-
Канада	-	3	4	5	1	8	-	-	1	1
Чех Республикасы	-	-	-	-	-	-	1	6	-	-
Моңғолия	-	-	-	-	1	-	-	-	5	-
Ұлыбритания	-	-	-	-	-	-	6	15	-	-
Түркия	8	1	-	-	-	-	-	-	16	12
АҚШ	3	2	19	2	1	-	1	6	-	7
Қытай	28		3	13	-	-	10	-	3	-
Эстония	-		24	-	25	3	-	-	-	-
Басқа	10	9	1	1	2	3	15	16	10	18
Ескерту: [5] дереккөз негізінде авторлармен құрастырған										

Көрсеткіштер «Демографиялық статистика» бюллетенінде көрсетілген еңбекке қабілетті жастағы халықтың көші-қон деректері негізінде есептелген [5].

Қазақстан Республикасының облыстары арасында жалпы көші – қонның ең жоғары көрсеткіші 2022 жылы Алматы облысында -162 021 адам (2018 жылы – 120 516 адам, өсім-132,8%) (2-кесте). Қалалар арасында жалпы көші-қоны 254 857 адамды құрайтын Астана қаласы көш бастап тұр, бұл Алматы қаласындағы осындай көрсеткіштен 25 085 адамға артық. Жалпы көші-қонның ең төменгі көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысында (2018 ж.ұқсас жағдай – 32 639 адам), сондай – ақ, Атырау облысында-40 002 адам (2018 ж. ұқсас жағдай-27 150 адам).

Кесте 2 – Қазақстандағы халықтың жалпы көші-қоны, адам

Облыстар мен қалалар	Барлығы		Сыртқы көші-қон		Ішкі көші-қон	
	2018 ж.	2022 ж.	2018 ж.	2022 ж.	2018 ж.	2022 ж.
Қазақстан Республикасы	1 212 658	1 647 638	38 892	41 572	1 173 766	1 606 066
Абай обл	-	39 215	-	1 002	-	38 213

Ақмола	45 813	62 589	2 568	1 801	43 245	60 788
Ақтөбе	42 072	63 416	1 017	1 564	41 055	61 852
Алматы	120 516	162 021	2 490	2 791	118 026	159 230
Атырау	27 150	40 002	407	687	26 743	39 315
Батыс Қазақстан	44 262	50 599	1 377	1 169	42 885	49 430
Жамбыл	53 340	76 019	1 013	1 565	52 327	74 454
Жетісу	-	47 604	-	470	-	47 134
Қарағанды	60 118	68 988	4 185	3 649	55 933	65 339
Қостанай	52 230	56 995	5 201	4 203	47 029	52 792
Қызылорда	43 131	48 161	74	63	43 057	48 098
Маңғыстау	38 829	62 467	1 666	3 672	37 163	58 795
Павлодар	45 355	47 254	3 538	3 544	41 817	43 710
Солтүстік Қазақстан	32 639	33 165	3 307	2 763	29 332	30 402
Түркістан	160 929	146 622	747	880	160 182	145 742
Ұлытау	-	14 250	-	315	-	13 935
Шығыс Қазақстан	77 818	41 867	4 946	2 532	72 872	39 335
Астана қ.	132 510	254 857	1 753	2 289	130 757	252 568
Алматы қ.	121 909	229 772	3 313	5 346	118 596	224 426
Шымкент қ.	-	101 775	-	1 267	-	100 508
Ескерту: [5] дереккөз негізінде авторлармен құрастырған						

Ең үлкен және ең кіші көрсеткіштің өзгерісі -133 779 адам. Иммиграцияның маңыздылығына қарамастан, Қазақстан Республикасындағы ішкі қозғалыстар екпіні жоғары және сыртқы көші-қонның 38 892 адамымен салыстырғанда 2018 жылы 1 606 066 адамды құрайды. Қазақстанда көші-қон белсенділігі төмендеді. Ішкі қозғалыстар саны 2022 жылы 432 300 адамға азайды, қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындарының көші-қон белсенділігі жоғары. Соңғы жылдары ішкі қозғалыстар келген және кеткен адамдар ағынының 90% – дан астамын құрайды, 2022 жылы ол - 97,5%.

Ішкі көші-қон үлесін ұлғайту бүкіл Қазақстан үшін ортақ жағдай болып табылады. Еңбек көші – қон түрлері еңбек факторымен біріктіріледі-қызметкердің еңбек қабілетін мүмкіндігінше тиімді сатуға деген ұмтылысы. Жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысы әрдайым аумақтық тұрғыдан сәйкес келе бермейді, бұл жұмысшыны жұмыс орны мен жақсы еңбек жағдайларын іздеуге көшуге мәжбүр етеді.

Қазақстанның солтүстік өңірлерінен орталық өңірлерге және мегополистерге еліміздің оңтүстік өңірінен бағытталған көші-қон үрдістері нәтижесінде Қазақстанның халық саны көп бағытты серпіні және ел аумағы жағынан халықтың бөлінуінің өзгерісі байқалады [7].

Алайда Атырау қаласы басқа қалаларға қарағанда қоныс аударушылар үшін тек жұмыс орындарының көптігі, жалақының жоғарылығымен ғана тартымды [8]. Сондай-ақ, облыс ішінде де Атырау қаласына аудандарға қарағанда көшіп келіп, қоныстанғандар саны оң айырманы көрсеткен (кесте 3).

Кесте 3 – Атырау облысының жалпы көші-қон айырымы, адам

	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Барлық халық							
Атырау	169	-379	-1 890	-1 444	-2 436	-1 754	-2 056
Атырау қ.ә.	6 050	3 072	2 819	2 352	1 556	1 911	2 825
Жылыой	-903	-784	-1 413	-1 156	-1 155	-818	-1 294
Индер	-737	-298	-501	-360	-250	-398	-615
Исағай	-527	-432	-481	-432	-522	-452	-609
Құрманғазы	-1 406	-864	-829	-757	-773	-802	-929

Қызылқоға	-1 153	-664	-630	-445	-402	-438	-436
Мақат	-645	-387	-440	-424	-622	-528	-513
Махамбет	-510	20	-415	-222	-268	-229	-485
Қала халқы							
Атырау	-1 507	-2 602	-3 146	-1 552	-1 972	-1 204	437
Атырау қ.э.	-1 092	-1 930	-2 689	-884	-1 383	-859	1 163
Жылыой	-415	-672	-457	-668	-589	-345	-726
Ауыл халқы							
Атырау	1 676	2 223	1 256	108	-464	-550	-2 493
Атырау қ.э.	7 142	5 002	5 508	3 236	2 939	2 770	1 662
Жылыой	-488	-112	-956	-488	-566	-473	-568
Индер	-737	-298	-501	-360	-250	-398	-615
Исатай	-527	-432	-481	-432	-522	-452	-609
Құрманғазы	-1 406	-864	-829	-757	-773	-802	-929
Қызылқоға	-1 153	-664	-630	-445	-402	-438	-436
Мақат	-645	-387	-440	-424	-622	-528	-513
Махамбет	-510	20	-415	-222	-268	-229	-485
Ескерту: [5] дереккөз негізінде авторлармен құрастырған							

Заңсыз көші-қонға қарсы күресте мемлекеттің ұлттық және халықаралық деңгейдегі саясаты елдің көші-қон үрдістерін басқарудағы негізгі бағыттарының бірі болып табылады [9], [10].

Ең алдымен Өзбекстаннан, Қырғызстаннан және Тәжікстаннан келген «маусымдық мигранттар» арқасында Қазақстанда заңсыз көші-қон үрдісінің өскені байқалады. Оның басты себебі жұмыс берушілер мен еңбек көші-қоны бойынша келген мигранттардың еңбек заңнамасын сақтамай, еңбек келісім-шартын жасамай жұмысқа орналасуы немесе еңбек жағдайлары мен жалақы төлеуде заңсыздыққа бара отырып, біліктілігі төмен шетел азаматтарын жалдау. Сондай-ақ, заңсыз көші-қон көлемінің өсуі шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге мораторий белгілеуден және шетелдік жұмыс күшін кеңінен тартатын объектілердегі (құрылыс, қызметтер, сауда) көші-қон қызметі мен еңбек жөніндегі инспекциялар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігінен туындады.

Қорытынды.

Мемлекет тарапынан халықтың қалаға қарай көшуі (урбанизациясы) дамудың катализаторы болып табылады, экономика барынша тиімді және әртараптандырылған, өндірістің жаңа түрлері шығып, қызмет көрсету аясы кеңейе бастайды, кәсіби білім тереңдеп, инновациялық қызмет жанданады. Алайда ауылдық жерден жаппай қалаға көшу ауылдық аудандар үшін мәселе туындатады, жұмыс қолы ауылда жетіспейді. Ал қалада бұл мәселелер тұрғын үй құрылысымен, әлеуметтік қызметтер аясын дамыту қажеттілігімен, тұрғындардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты.

Атырау облысында сыртқы көші-қон бойынша негізгі көші-қон алмасу ТМД мемлекеттерімен жүреді. ТМД елдерінен келгендердің және осы елдерге кеткендердің үлесі тиісінше 94,8% және 61,2% құрады. Облыс шегінде қоныс аударатын мигранттар саны бойынша 2360 адамға теріс көші-қон сальдосы қалыптасты.

Соңғы жылдардағы көші-қон ағындарының динамикасы жоғары білімді эмигранттар санының өсуін және елге жоғары білімді иммигранттардың қарсы ағынының азаюын көрсетеді. Эмиграция негізінен білімді жастар мен білікті мамандарды қамтиды, бұл Қазақстан Республикасының адами капиталының сапасына әсер етеді.

Бүгінде Атырау облысында көші-қон бойынша бірқатар мәселелер мен үдерістер бар, солардың ішінде негізгілері:

- сыртқы көші-қон бойынша: білікті кадрлардың өңірден кетуі және олардың орнына біліктілігі төмен кадрлардың келуі, еңбек нарығында тепе-теңдіктің бұзылуы, білікті

мамандардың жетіспеуі, Атырау облысының халқының өсуінде көші-қон өсімінің кемуі, сонымен қатар облыстан басқа ірі қалаларға, шетелге кетуді ойлайтын адамдардың санының көбеюі, солардың ішінде әсіресе жастардың саны көп;

- ішкі көші-қон бойынша: ауылдық жерлерден Атырау қаласына көшу, ішкі көші-қон есебінің дәл еместігі, бақыланатын және бақыланбайтын ішкі көші-қон, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шиеленісуі;

- еңбек көші-қон бойынша: ЕАЭО елдерінен көшіп келушілер санының артуы, ресми емес еңбек көші-қоны үрдісінің орын алуы, жұмыс іздеп шетелге кеткен қазақстандықтардың есепке алу жүйесінің жоқтығы немесе дамымаған.

Атырау өңірінде тіркелмеген сыртқы еңбек көші-қонның орын алуы ішкі еңбек нарығында демпинг болып, еңбек нарығының конъюнктурасы (нарық сыйымдылығы, жұмыс орнының ұсынысы, оның ұтқырлығы) туралы ұсынысты бұрмалайды.

Атырау облысының көші-қонын реттеу шаралары бойынша келесідей ұсыныстар беріледі:

1. Өңірде тіркелмейтін еңбек көші-қонының ауқымын төмендету үшін еңбек көшіп-қонушыларының тұрғылықты жері бойынша тіркелуі үшін әкімшілік кедергілерді азайту. Еңбек көші-қонының нысандарының бірі ретінде бизнес-көші-қонның ашықтығын ынталандыру жолымен еңбек көшіп-қонушыларын заңдастыру жөніндегі шараларды күшейту қажет.

2. Өңірге талантты жастарды тарту. Елдің экономикалық өсуіне сыртқы көші-қоны бойынша келушілердің біліктілігі әсер етеді. Егер сырттан келушілердің біліктілігі төмен, қажетті білімі, құзіреттіліктері мен дағдылары болмаса, сонымен қатар осындай мигранттардың саны өскен жағдайда елдің экономикасына кері әсерін тигізеді. Осы жағдайды Қазақстан үкіметі ескеріп, экономика қажеттіліктерін қанағаттандыруда кадрларды тартуда, таңдауда, мақсатты бағытталған саясат жүргізіп, елге, өңірлерге басқа жақтан таланттарды тарту қажет.

3. Шетелдік жұмыс күші қозғалысына мониторинг жасау, Атырау өңірі аумағында еңбек мигранттары ағынын бағалау, еңбек мигранттары құқықтарын қорғау, т.б. қатысты көші - қон саясатының жүйелі шараларын әзірлеу қажет. Бұл саясат халықтың жасына қарай, білімі мен кәсіби деңгейіне, аз қамтылған отбасы саны бойынша топтарға арналған болу керек. Басты назар жастардың жұмыссыздығына, қызметкерлердің жалақысы төмен санаттарына аударылып, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауға бағытталуы керек.

4. Жергілікті кадрларды даярлау. Атырау өңірінде орта білікті мамандарға сұраныс жоғары екендігін ескере отырып, таяу жылдары тек басқа өңірден немесе шетелден келген жұмыс күшіне сүйеніп қоймай, облыстағы адами ресурстарға назар аудару қажет. Өңірде кәсіптік және техникалық білім адами капиталды дамытудың драйвері болады. Сондықтан облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында білімді мамандарды даярлауға басты назарды аудару керек. Жұмыс берушілердің сұранысы мен талаптарына қарай кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлей отырып, ұлттық біліктілік жүйесін дамыту қажет.

Қаржыландыру:

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалған (грант № BR21882382).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Ишмуратова Д.Ф. Миграционный фактор развития человеческого капитала. Урбанистика. — 2019. — №4. — С. 19-25

2 Алпысбаева С.Н., Абылкасымова М.Е., Калимова Д.М. (2015) Объемы трудовой миграции в Республике Казахстан. [Электронный ресурс] — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obemy-trudovoy-migratsii-v-respublike-kazakhstan> (дата обращения: 16.02.2024)

3 Чуланова З.К. Внешняя миграция населения Казахстана за годы независимости. [Электронный ресурс] — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vneshnyaya-migratsiya-naseleniya-kazahstana-za-gody-nezavisimosti> (дата обращения: 22.12.2023)

4 Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2023-2027 годы. [Электронный ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> (дата обращения: 04.03.2024)

5 Материалы Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. [Электронный ресурс] — URL: www.stat.gov.kz (дата обращения: 12.02.2024)

6 Джусибалиева А.К., Исакова Д.М., Исакова Д.М., Бодаухан К., Амерханова И.К. Основные факторы, причины и мотивы образовательной и трудовой миграции молодежи Казахстана за рубеж. материалы конференции ii International scientific and practical conference «Trends in the scientific development» Vancouver. — 2021. — с. 67-76

7 Концепция развития рынка труда Республики Казахстан на 2024-2029 годы. [Электронный ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001050/history> (дата обращения: 08.02.2023)

8 Комплексный план социально-экономического развития Атырауской области на 2021-2025 годы. [Электронный ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000337> (дата обращения: 22.02.2024)

9 Курманова Г.К., Ким А.А., Суханбердина Б.Б., Уразова Б.А. Анализ показателей миграции населения. Вестник университета «Туран». — 2021. — №1. — С. 70-75

10 Bokayev B., Torebekova Z., Davletbayeva Zh., Kanafina A. Migration trends in Kazakhstan: Exploring migration causes and factors. Available at: — URL: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/1100?show=full> (accessed: 04.01.2023)

МИГРАЦИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация.

В то время как приток человеческого капитала из-за границы считается положительной ситуацией для экономики страны или региона, отток человеческого капитала из страны можно рассматривать, как равносильный сокращению инвестиций в экономику. Таким образом, отток человеческого капитала означает отток капитала из экономики одной страны и включение его в экономику другой страны.

Динамика миграционного потока в Казахстане в последние годы характеризуется ростом числа высокообразованных эмигрантов и сокращением притока высокообразованных иммигрантов, прибывших в страну. Отмечается, что в 2022 году количество переселенцев в страну сократилось вдвое по сравнению с показателями предыдущих десяти лет. Это говорит о том, что большинство покинувших страну-образованная молодежь и квалифицированные специалисты, что влияет на качество человеческого капитала Республики Казахстан.

В данной статье рассмотрена миграция человеческого капитала Атырауской области, определено влияние миграции на экономическое развитие региона, его рынок труда. Основной целью исследования является изучение проблем миграции трудоспособного возраста в Атырауской области и рассмотрение совершенствования мер борьбы с нелегальной миграцией, осуществляемых на национальном и международном уровнях.

Практическая значимость исследования состоит в том, чтобы уточнить наличие в Атырауской области ряда вопросов и процессов по миграции и дать рекомендации по решению этих вопросов.

Ключевые слова: миграция, человеческий капитал, миграция в трудоспособном возрасте, рынок труда, Атырауская область.

MIGRATION OF HUMAN CAPITAL IN ATYRAU REGION

Abstract.

While the inflow of human capital from abroad is considered a positive situation for the economy of a country or region, the outflow of human capital from the country can be considered as equivalent to a reduction in investment in the economy. Thus, the outflow of human capital means the outflow of capital from the economy of one country and its inclusion in the economy of another country.

The dynamics of the migration flow in Kazakhstan in recent years has been characterized by an increase in the number of highly educated emigrants and a decrease in the influx of highly educated immigrants who arrived in the country. It is noted that in 2022, the number of immigrants to the country has halved compared to the figures of the

previous ten years. This suggests that the majority of those who left the country are educated youth and qualified specialists, which affects the quality of the human capital of the Republic of Kazakhstan.

This article examines the migration of human capital in Atyrau region, determines the impact of migration on the economic development of the region, its labor market. The main purpose of the study is to study the problems of migration of working age in Atyrau region and to consider the improvement of measures to combat illegal migration implemented at the national and international levels.

The practical significance of the study is to clarify the presence of a number of migration issues and processes in the Atyrau region and to provide recommendations on how to address these issues.

Key words: migration, human capital, migration in working age, labor market, Atyrau region.

REFERENCES

- 1 Ishmuratova D.F. (2019) Migracionnyj faktor razvitiya chelovecheskogo kapitala [*Migration factor of human capital development*]. Urbanistika. №4. P.19-25 [in Russian]
- 2 Alpysbaeva S.N., Abylkasymova M.E., Kalimova D.M. Obemy trudovoi migratsii v Respublike Kazakhstan [*The volume of labor migration in the Republic of Kazakhstan*]. Available at: — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obemy-trudovoy-migratsii-v-respublike-kazakhstan> [in Russian] (accessed: 16.02.2024)
- 3 Chulanova Z.K. (2021) Vneshnyaya migratsiya naseleniya Kazakhstana za gody nezavisimosti [*External migration of the population of Kazakhstan during the years of independence*]. Available at: — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vneshnyaya-migratsiya-naseleniya-kazakhstana-za-gody-nezavisimosti> [in Russian] (accessed: 22.12.2023)
- 4 Konceptiya migracionnoj politiki Respubliki Kazakhstan na 2023-2027 gody [*The concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027*]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> [in Russian] (accessed: 04.03.2024)
- 5 Materialy Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskemu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan [*Materials of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan*] Available at: — URL: www.stat.gov.kz [in Russian] (accessed: 12.02.2024)
- 6 Dzhusibalieva A.K., Isakova D.M., Isakova D.M., Bodauhan K., Amerhanova I.K. (2021) Osnovnye faktory, prichiny i motivy obrazovatel'noj i trudovoj migratsii molodezhi Kazakhstana za rubezh [*The main factors, causes and motives of educational and labor migration of young people of Kazakhstan abroad*] Materialy konferencii II International Scientific and practical conference «Trends in the scientific development» Vancouver. P.67-76 [in Russian]
- 7 Konceptiya razvitiya rynka truda Respubliki Kazakhstan na 2024-2029 gody [*The concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027*] Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001050/history> [in Russian] (accessed: 08.02.2023)
- 8 Kompleksnyj plan social'no-ekonomicheskogo razvitiya Atyrauskoj oblasti na 2021 – 2025 gody» [*Materials of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan*] Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000337> [in Russian] (accessed: 22.02.2024)
- 9 Kurmanova G.K., Kim A.A., Suhanberdina B.B., Urazova B.A. (2021) Analiz pokazatelej migratsii naseleniya [*Analysis of population migration indicators*] Vestnik universiteta «Turan». №1. P.70-75 [in Russian]
- 10 Bokayev B., Torebekova Z., Davletbayeva Zh., Kanafina A. (2021) Migration trends in Kazakhstan: Exploring migration causes and factors Available at: — URL: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/1100?show=full> [in English] (accessed: 04.01.2023)

Information about author:

Rysty Sabirova – **corresponding author**, candidate of economics sciences, professor of department of «Economics», Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Aigul Esturlijeva – candidate of economic sciences, associate professor of the department of «Economics», Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov, Aktau, Republic of Kazakhstan

E-mail: aigul.yesturlijeva@yu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5632-8134>

Gulmira Andabayeva – corresponding author, candidate of economic sciences, associate professor, department of «Economics», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: gulmira.andabayeva@kaznu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7458-8711>

Sharbat Bissaliyeva – MBA, teacher of the department of «Economics», Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: sh.bisaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2026-7806>

Информация об авторах:

Рысты Сабирова – **основной автор**, кандидат экономических наук, профессор кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Айгуль Естурлиева – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Экономика», Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Актау, Республика Казахстан

E-mail: aigul.yesturliyeva@yu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5632-8134>

Гульмира Андабаева – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Экономика», Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: gulmira.andabayeva@kaznu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7458-8711>

Шарбат Бисалиева – MBA, преподаватель кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: sh.bisaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2026-7806>

Авторлар туралы ақпарат

Рысты Сабирова – **негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Айгуль Естурлиева – экономика ғылымының кандидаты, «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aigul.yesturliyeva@yu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5632-8134>

Гульмира Андабаева – экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulmira.andabayeva@kaznu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7458-8711>

Шарбат Бисалиева – MBA, «Экономика» кафедрасының оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: sh.bisaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2026-7806>